

Кишиневе 7 окт. 2002 г. // Содружество. Информ. Вестн. Совета глав государств и Совета глав правительств СНГ. № 2 (41). С. 82–130.

3. Беспалов Ю. Ф. Семейные отношения и семейные споры в практике судов РФ: научно-практическое пособие. М.: Проспект, 2020.

4. Беспалов Ю. Ф., Егорова О. А. Настольная книга судьи по семейным делам. М.: Проспект, 2012

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНДА СОТТАЛҒАН ӘЙЕЛДЕРДІ ҚАЙТА ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Хамитова Д.К.,

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

1 курс магистранты

Ғыл. жет: Өзбеков Дархан Өзбекович, қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының профессордың ассистенті, заң ғ.к.

Кеңес үкіметінің қол астынан шығып, Қазақстан Республикасы өзін тәуелсіз мемлекет ретінде жариялап, әлемдік аренада өзін көрсетті. Біздің республикамызда тәуелсіздіктің қалыптасу процесі күрделі болды. Экономика мен идеологиялық дағдарыстың пайда болуы, елде қоғамдық және құқықтық тәртіп деңгейінің күрт төмендетті, осыған байланысты елдегі қылмыстық жағдай өте шиеленісті болып қала береді. Республикамыздың Конституциясының 1-ші бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін атап көрсетілген [1]. Қазақстан Республикасының демократиялық қайта құру процесі өзінің ең жоғары құндылықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға қабілетті өркениетті құқықтық мемлекет құрумен тығыз байланысты. Қылмысқа жүйелі әсер ету кезінде мемлекет қолданатын құралдардың ішінде ең қатал, кең тарағаны қылмыстық жаза болды және болып қалады.

Қылмыстық жаза- қылмысқа қарсы күресте маңызды құрал. Сондықтан Қазақстан Республикасының қылмыстық-құқықтық ғылымында жазалау институтына көп көңіл бөледі.

Мемлекет біздің Конституциямызға адамның жеке бостандығына, адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық, еркін жүріп-тұру бостандығына құқығын бекітіп қана қоймай, сонымен бірге барлық қолданылып жүрген әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып, аталған құқықтарды қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмсауда. Бірақ бекітілген ережелерді біздің мемлекетіміздің барлық азаматтары ұлттық заңнаманы мүлтіксіз сақтамай жүзеге асыру мүмкін еместігі, бұл да Қазақстан Республикасының Конституцияның 34-бабында көрініс тапты [1]. Бұл міндетті орындамау, бір жағынан, мемлекеттің кінәлі адамды жауапқа тарту, екінші жағынан, құқық бұзушыға құқықтар мен бостандықтардан тиісті түрде айыру және шектеулер қою міндеттерінен тұратын құқықтық қатынастардың белгілі бір формасының пайда болуына әкеледі.

Қазақстандағы қазіргі жағдайдың ең өзекті мәселесі ол – қылмыс деңгейінің өсуі. Себебі, уақыт өте қылмыстың құрылымы да айтарлықтай өзгерді, мысалы, кісі өлтіру саны, басқа да ауыр және аса ауыр зорлық-зомбылықтар, мүліктік зорлық-зомбылық қылмыстар көбейді, ұйымдасқан қылмыс оның көрінуінің әртүрлі нұсқаларында үлкен деңгейге жетті. Тәуелсіз сарапшылардың пікірінше, елдегі қылмыстық жағдайдың одан әрі дамуы туралы болжам да көңіл көншітпейді, тіркелген қылмыс саны жылдан-жылға артып келеді. Оның ұйымдастырылуына, талғампаздығына, техникалық жабдықталуына және қылмыскерлердің жоғары білім деңгейіне байланысты қылмыспен күресу қиындай түсті. Бұл мәселеде жазаның мәні мен мақсаттары, сондай-ақ қазіргі уақытта Қазақстанда қалыптасқан жағдайды түсіну және дамыту арқылы жазалау шарасы ретінде бас бостандығынан айыру жазасы ерекше рөлге ие [2].

Бас бостандығынан айыру жазасы адамды белгілі бір мекемелерге орналастырып, қоғамнан оқшаулаудан тұратын жаза түрі. Жаза тағайындау қылмыстық құқық заңнамасының негізгі институты. Түзеу мекемелерінде, әдетте, әлеуметтік тұрғыдан тұрақсыз қалған, қоғамға қарсы көзқарастары бар адамдар жазасын өтейді. Бас бостандығынан айыру жағдайларының зиянды әсері, көбінесе одан әрі әлеуметтік деградацияның дамуына ықпал етеді. Бұның бәрі сотталғандарды қайта әлеуметтендіру мәселесін өзекті етіп, олардың қоғамға сіңісіп кетудің тиімді жолдарын іздеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 94-бабына сәйкес, сотталғандарды мекемелерге орналастыру ерлер мен

әйелдер, кәметке толмағандар мен ересектерді бөлек ұстау белгіленген [3]. Сотталған әйелдердің сотталған еркектерден айырмашылығы: біріншіден, қайта әлеуметтенуі кезінде гендерлік белгілерінің болуымен болса, екінші жағынан, олар психофизикалық белгілері бойынша ерекшеленеді.

Әйел және еркек адамның өзгешелігі олардың әлеуметтік функцияларды орындауында. Ең алдымен, әйел адам отбасының ұйытқысы, тыныштықтың шырақшысы ретінде рөл атқарады. Әйелдер балаларға және қарттарға күтім және өзге де отбасылық қатынастар мен байланыстарға тәуелді іс-әрекеттер мәселелерін шешу негізінде иығында арқалайды. Сонымен қатар, сотталған әйелдер үшін қоғамнан оқшаулану жағдайын қабылдау қиынырақ болып қана қоймай, әлеуметтік маңызды байланыстардың бұзылу және ыдырау процесі олардан тез жүреді. Олар тұрақсыз жеке өмірдің бұзылып, нақтыланбауын, сонымен бірге, неке бұзу, қарым-қатынастардың қай түрін тоқтату болсын процестерін тереңірек және күштірек сезінеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанық түзеу мекемелерінде 2,5 мың әйел адам өз жазасын өтеп жатыр. Олардың ең көп саны 30-дан 50 жасқа дейін (59%). Тағы 20% - 30 жасқа дейінгі әйелдер. Сондай-ақ, өте жас – 18 бен 21 жас аралығындағылар бар, бірақ олардың саны 3 пайызды ғана көрсетеді [4].

Тәжірибе көрсеткендей, сотталған әйелдерді қайта әлеуметтендіруге бірқатар жағымсыз факторлар айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, түзеу мекемесіндегі жағдай әйелдердің ана ретіндегі қасиеттерін сақтау және отбасымен әлеуметтік пайдалы байланыстарды қалпына келтіру тұрғысынан қолайсыз: мұнда қалыпты өмір сүру жағдайларының болмауы, гигиена талаптарының сақталмауы, дұрыс тамақтанбау, жеке кеңістіктің жетіспеушілігі, күнделікті өмір салтын қатаң реттеу, тәуелсіздік пен жауапкершілікті көрсету мүмкіндіктерін шектеу, әлеуметтік байланыстар саласын тарылту және иеліктен шығару сияқты мәселелерді айту керек. Әйелдер отбасылық және әлеуметтік байланыстарды қолдаудың аясыда қысқа мерзімді түзеу мекемесінен шығумен демалыстар сияқты нысандарын іс жүзінде іске асырмайды. Сонымен қатар, аналық функциялардың кешеніне әйелдің сотталуға дейінгі әлеуметтік өмір салтына, аналыққа әлеуметтік-педагогикалық дайындықтың болмауына байланысты ауыр деформациялар әсер етеді [5, 231].

Жалпы қайта әлеуметтендірудің практикалық маңыздылығын бағалау қиын, себебі, түзеу мекемелерінің тиімділігін бағалайтын бірден-бір өлшем ретінде қабылданады. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың тұтастай қайта әлеуметтендіру мәселесі тек Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де дамымаған. Осы жағдайды ескере отырып, біз сотталған әйелдерді қайта әлеуметтендірудің тиімділігін арттыру бойынша жұмыстың басым бағыттарын анықтауды басшылыққа алып отырмыз.

Біріншіден, сотталған әйелдерге отбасын сақтауға, туыстарымен әлеуметтік пайдалы байланыстарды қалпына келтіруге, нығайтуға және дамытуға көмек көрсету өте маңызды. Бұл бағыттың өзектілігі қазіргі жағдайда отбасы институты әртүрлі факторлардың әсерінен жойылатындығына байланысты. Тиісті жұмыс аясында әйелдерді тұрғылықты жеріне жақын түзеу мекемелеріне жіберген жөн, өйткені жазасын тұрғылықты жерінен алыс жерде өтеу отбасымен байланысты қиындатады, жол жүру қашықтығына және билеттердің қымбаттығына байланысты туыстары кездесуге келу мүмкіндігінен айырылады. Сотталғандардың байланысының әлсіреуі олардың отбасыларының ыдырауына ықпал етеді (сотталғандар санағының деректері бойынша әрбір екінші әйелдің отбасы ыдырайды).

Бас бостандығынан айыру орындарындағы жағдай бостандықта өмір сүру жағдайларына жақын болуы керек, бұл сәтті оңалту, түзу жолға түсу және қайта әлеуметтендіруге ықпал етеді.

Екіншіден, әйел адамның ана болу мотивтерінің қалыптасуы мен дамуына жеткілікті көңіл бөлінуі керек. Себебі, сәби өмірге келген сәтінен бастап, сотталған әйел өмірде жаңа мақсатқа ие болады, оның тағдырын өзгертуге деген мотивациясы күшті, тәртіп бұзушылықтардың саны азаяды, әлеуметтік байланыстар сақталады және нығаяды, өзіне және болашағына деген сенім пайда болады. Сондықтан нәрестелері, жас балалары, мектепке дейінгі, жасөспірім және өзге де жастағы балалары бар сотталған әйелдерді, сондай-ақ түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан жүкті әйелдерге, аналарға қайта әлеуметтендіру ерекшеліктерін ескерткен жөн.

Сотталғандар арасындағы жүкті әйелдерге бостандықтағыдай жағдайлар жасалуы тиіс. Бұл маңызды және қажет, өйткені, әйел, әсіресе жүкті әйел жеке және отбасылық сипаттағы тәжірибелермен байланысты психогендік факторға өте сезімтал. Сотталғандарға арналған мекемелерде отырған әйелдердің психикасының бұзылу деңгейі ерлерге қарағанда жоғары. Осы айтылғанның бәрі, болашақта

балаға жүктілік кезінде де, одан кейін өмірге келгенде де кері әсерін тигізеді. Баланың даму үдерісі анасының түзеу мекемесінде отырғандығымен ғана шектелмеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару-кодексінің 116-бабында түзету мекемелерінде балалар үйлері ұйымдастырылуы мүмкін екендігі көрсетілген, бірақ мұндай мекемелердің саны аз және жас балалары бар сотталған әйелдер көбінесе жазасын өтеу үшін басқа түзеу мекемелеріне жіберіледі, бұл әлеуметтік байланыстардың бұзылуына әкеледі. Аталған бапта, сондай-ақ түзеу мекемелерде үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге олармен бірге балалар үйінде тұруға рұқсат етуге құқығы бар деп белгіленеді. Алайда, әдетте, тұрмыстық жағдайлар бұл құқықты жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді, дегенмен аналардың балалармен бірге тұруы ана сезімін дамытуға ықпал етеді, сотталушының тағдыры үшін жауапкершілігін арттырады өз баласын табысты қайта әлеуметтендіру үшін алғышарттар жасайды.

Қаралып отырған бағытты іске асыру шеңберінде түзеу мекемелерінде сотталған адамның баламен тұрақты әлеуметтік байланыстар жүйесін қалыптастыру қажет. Балаға оның мүдделерін ескере отырып, қолайлы жағдай жасау үшін қажет нәрсенің бәрін жасау керек. Балалардың ойын және физикалық жаттығулар үшін жеткілікті жағдайлары болуы керек, мүмкін болса, қалыпты ортада болу үшін мекемеден тыс жерде болуы қажет. Біздің ойымызша, бұл мәселені шешу түзеу мекемесінің жанында сотталған аналар балалармен бірге жеке жабдықталған бөлмелерде тұратын ана орталығын құру арқылы мүмкін болады. Сондай-ақ, жазадан босату сәті келгенде ана мен балаға қолдау көрсету үшін арнайы шаралар қабылдау керек (мысалы, ана капиталын алу, өзге де қаржылай көмек көрсету және т.б.). Орталықтың міндеттерінің бірі сотталған әйелдерді ана болу негіздеріне және әлі балалары жоқ адамдарды оқыту болуы тиіс. Орталықта сабақтар өткізілетін арнайы үй-жайлар болуы қажет деп есептейміз.

Үшіншіден, сотталған адамға және оның отбасына көмек көрсету жөніндегі арнайы бағдарламаларды (қаржылық, материалдық көмек, бала күтімі жөніндегі көмек, жалғыз басты аналарға әлеуметтік қолдау) дамыту, осы жұмысқа қорлар, әйелдер ұйымдарын құру немесе тарту талап етіледі.

Статистикаға сәйкес, Ұлыбританияда бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан әйелдер жазаның балама түрлеріне сотталғанға

қарағанда жиі қайталанатын. Түрме реформалары орталығының мәліметтері бойынша (Prison Reform Trust), бүгінгі таңда Ұлыбританияда зорлық-зомбылықсыз қылмыс жасаған әйелдер үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қысқарту саясаты жүргізілуде. Англия мен Уэльсте ана мен бала блогы бар әйелдерге арналған алты түзету мекемесі бар. Бір жарым жасқа дейінгі балалары бар сотталған әйелдер баламен бірге болу туралы өтініш бере алады. Мұндай тұтқындалған әйелдер баламен бірге бөлек «ана мен бала блогында» бола алады. Егер балалармен тұруға орын болмаса, онда тұтқындалған әйелдер мұндай мүмкіндік бар басқа мекемелерге ауыстырылады. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, егер әйел ұзақ мерзімге сотталған болса, онда көп жағдайда баланы анасымен түрмеде қалдырмайды [5].

Ағылшындардың әйелдерге арналған түрмелерінде күндізгі уақытта түрме ғимаратының ішінде еркін жүруге және бір-бірімен сөйлесуге рұқсат етілген. Англияда сотталғандардың өздері оқуды немесе жұмыс істеуді таңдайды. Сотталғандардың еңбегі төленеді, әйелдер түрмесінде олар аптасына орта есеппен 15 фунт табады. Бронзфилд түрмесінде алты айға дейін қысқа мерзімге сотталған әйелдер және бір жарым жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге келесі бағдарламалар жүзеге асырылады: оқыту бағдарламасы (базалық бағдарлама); қоғамдық тамақтану, қызмет көрсету, бизнес — әкімшілік саласында кәсіби оқыту; дене шынықтырумен айналысу; жазасын өтеген әйелдерді одан әрі жұмысқа орналастыру бойынша жұмыспен қамту орталығымен бірлескен бағдарламалар қамтылған.

Иствуд парк түзету мекемесі әйелдерге көптеген сабақтарды ұсынады: оқыту, спорт, психокоррекция бағдарламалары, онда тұтқындар қарым-қатынас жасауға, мінез-құлық үлгілерін, көзқарастарды талқылауға және т.б. осы мекеменің білім беру бөлімі жалпы білім беру бағдарламаларынан басқа аспаздық дағдыларды, шаштаразды үйретеді.

Ұлыбритания Әділет министрлігінің ресми сайтының хабарлауынша, бүгінде елдегі барлық әйелдер түрмелерінде «өмірді өзгерту» атты арнайы үш жылдық бағдарламасы қолданылады [6]. Бағдарлама билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қайырымдылық қорларымен, Англия, Уэльс, Шотландия және Солтүстік Ирландия үкіметтік емес ұйымдарымен өзара іс-қимылға бағытталған. Бағдарлама өмірде қиын жағдайға тап болған қамаудағы әйелдерді әлеуметтік қолдау, бас бостандығынан

айыруға балама шараларды қолдануды кеңейту, түрмеде жазасын өтеп жатқан әйелдердің санын қысқарту мақсатында қолданылады. Осы бағдарламаларды жүзеге асыру үшін түзеу мекемелерінің дамыған инфрақұрылымы бар: кітапханалар, оқу-әдістемелік база, шаштараздар, спортзалдар, бірқатар мекемелерде тіпті бассейндер бар.

Италияның әйелдерге арналған бас бостандығынан айыру мекемелеріне көз жүгіртетін болсақ, Венецияға жақын орналасқан Джудекка аралында әйелдерге арналған түзеу мекемесі орналасқан. Ол ескі монастырь ғимаратында орналасқан, бұл жазаны орындау қызметі мамандарының пікірінше, қылмыскерлердің моральына оң әсер етуі керек деп есептейді. Балалар алаңына шағын учаске бөлінген, өйткені есірткі сатқаны үшін сотталған әйелдердің белгілі бір саны мұнда балаларымен бірге келеді. Бос уақытты кітапханадан кітап оқу немесе балалармен серуендеу арқылы жақсартуға болады, бірақ түрме аумағында ғана. Алайда, балалар аралға жергілікті тұрғындар арасынан еріктілермен саяхат жасай алады [7].

Италияда жүкті әйелдерге немесе кішкентай балалары бар адамдарға ізгілік қағидатын басшылыққа алып, олардың арасынан кішігірім қылмыс жасағандарды үшін бостандықтан айыру жазасын қолданбауға тырысады. Үлгілі мінез-кұлқымен ерекшеленген әйелдер мерзімінің жартысын өтегеннен кейін жеңіл режимге – түрмеде тұруға және еркіндікте жұмыс істеуге ауыстырылуы мүмкін. Бұл шара «жеті либерта» - жартылай еркіндік деп аталады, өйткені Италияда біздің шартты түрде босатудың аналогы жоқ. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың орнына «қалыпты емес жағдайларға байланысты рақымшылық жасау» деген күрделі заңды операция ғана бар [7].

Қорытындылай келе, бас бостандығынан айыру органдарында сотталған әйелдерді қайта әлеуметтендіру проблемаларын шешудің жолы ретінде келесідей тұжырымдарды ұсынамыз:

Ең алдымен, бас бостандығынан айыру орындарындағы жағдайды жақсарту үшін сот жүйесінің өзін өзгерту қажет, бұл Қазақстан Республикасында ақтау үкімдерінің төмен пайызын көрсетеді және жазаның балама әдістерінен қолданудың аздығын көрсетеді. Сондай-ақ, зорлық-зомбылықсыз қылмыстар үшін нақты мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандар санын азайту қажет. Бас бостандығынан айыру мекемелерінде, әсіресе, әйелдер қауымы жазасын өтеу мекемелерінде біраз қиыншылықтар аясы жатыр. Әйелдердің біріншіден ана, екіншіден, нәзік жанды арулар екенін естен шығармаған жөн. Жаза өтеу барасында әйелдер қателіктерін

түсініп, түзу жолға түсіп, жаңа өмірге қадам басуды ойластыра отырып, отбасы институтын басшылыққа алады. Түзеу мекемелері әйелдің денсаулығына зиян келтіреді, кейде жаңа аурулардың пайда болуына әкеп соқтырады. Әйелдерді міндетті медициналық қарап-тексеру ұдайы жүргізілуі тиіс, сотталған әйелдердің денсаулық жағдайының нашарлау фактілеріне жеткіліксіз немесе уақтылы жауап бермегені, сондай-ақ белгіленген санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы талаптарды бұзғаны үшін бас бостандығынан айыру орындары әкімшілігінің жауапкершілігі қатаңдатылуы тиіс. Сондай-ақ, жүктіліктің ерте кезеңінде тұрған әйелдермен ақпарат құпиялылығын сақтай отырып, олардың құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде түсік түсіру құқығын сипаттап әңгімелесу керек.

Әйелдердің түзеу колониялары әкімшіліктерінің халықты жұмыспен қамтудың өңірлік орталықтарымен, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған әйелдерді оналту орталықтарымен, сондай-ақ нақты кәсіпорындардың, ұйымдардың басшыларымен; діни қоғамдастықтармен, қамқоршылық ұйымдармен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын күшейту қажет. Босатылған әйел қоғамда қалыпты өмір сүре алады, балаларды тәрбиелейді және адал жұмыс істей алады деп ойлайтын адамдар аз. Бірақ, өмірлік тәжірибе көрсеткендей әйелдер бұрын сотталған ортасына барғысы келмей, қылмыстық құқық бұзушылықты жасамауды басшылыққа алатынын көрсетті.

Қазақстанда әйелдер түзеу колонияларында міндетті жалпы білім алу бағдарламалары, сондай-ақ міндетті кәсіптік білім алу бағдарламалары (егер сотталған адамның ешқандай мамандығы болмаса) іске асырылады. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін әйелдер, әдетте, жазаны өтеу кезеңінде алған мамандықтары бойынша жұмыс істемейді, шамасы, мұндай кәсіптердің еңбек нарығында талап етілмеуіне байланысты. Сондықтан халықаралық ұсынымдарды іске асырудың осы бөлігінде жазаны орындаудың отандық жүйесіне болашақта өз тәсілдерін қайта қарау қажет болуы мүмкін, алайда бұл проблеманы шешу, оның ішінде елеулі қаржы салымдарын да талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995ж. 30 тамыз// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 ж. 3 шілде // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, 2014 ж. 5 шілде.//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234>
4. gender.stat.gov.kz/https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=91&slug=76&cat_id=4&lang=ru
5. Центр тюремных реформ (Prison Reform Trust) <http://www.prisonreformtrust.org.uk>
6. Официальный сайт Министерства юстиции Великобритании <https://www.justice.gov.uk/offenders/types-of-offender/women>.
7. По материалам газеты «За решеткой» №8, 2010 г., С.35.

О ПРАВОВЫХ ОСНОВАХ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО БОРЬБЕ С РАСПРОСТРАНЕНИЕМ НЕЗАКОННОЙ ИНФОРМАЦИИ В ИНТЕРНЕТЕ

*Шәйкен М. Ж., магистрант второго курса юридического
факультета*

Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова

Основополагающие принципы обеспечения свободы слова и средств массовой информации заложены в Конституции Республики Казахстан.

В соответствии со статьей 20 основного закона страны гарантированы свобода слова и творчества, запрещена цензура, каждый имеет право свободно получать и распространять информацию любым, не запрещенным законом способом [1].

Статья 2 отраслевого Закона РК «О средствах массовой информации» развивает соответствующие положения Конституции и гласит: «Свобода слова, творчества, выражения в печатной и иной форме своих взглядов и убеждений, получения и распространения информации любым не запрещенным законом способом гарантируются Конституцией Республики Казахстан» [2].

Положениями данной статьи раскрывается содержание конституционного принципа запрета цензуры. А норма о том, что государственные органы, общественные объединения, должностные лица и средства массовой информации обязаны обеспечить каждому гражданину возможность ознакомиться с затрагивающими его права